

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Төлеби аудандық ауруханасы» МКК-ның шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жиналыс Х А Т Т А М А С Ы

№ 4

Төлеби ауданы.

19.08.2024ж.

**Төрағасы:** Басшы К.Р.Умарова

**Жиналыс хатшысы:** Мамандар бөлімінің кадр инспекторы Ж.Ф.Айтмырза

**Қатысқандар:** ШЖҚ «Төлеби аудандық ауруханасы» МКК-ның қызметкерлері

**Күн тәртібіндегі мәселе:**

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Төлеби аудандық ауруханасы» МКК Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде.

**Жиналыс төрағасы К.Умарова** жиналысты ашып, 05.07.2024 жылғы ШЖҚ «Төлеби аудандық ауруханасы» МКК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың қорытындысына сәйкес, анықталған кемшіліктер: мекеме бұйрықтарында ҚР ЕК заңнама талаптары сақталмаған, мекеменің бұйрықтарындағы негіздемелер дұрыс көрсетілмеген, мекеме қызметкерлері бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған және мекемеде зейнетке шыққан қызметкерлердің бұйрықтары заңнама талаптарына сай бұзылмаған.

Аталған мәселелерге тоқталып өте кетер болсақ, аурухананың бұйрықтарында ҚР ЕК заңнама талаптары сақталуын қадағалау. Мекеме бұйрықтарында көрсетілген негіздемелердің дұрыстығына көңіл аударып, жетіспейтін мәліметтерді сұратып толықтыру жұмыстарын жүргізу қажет. Аурухананың барлық қызметкерлері өздеріне қатысты шығарылған бұйрықтармен дер кезінде танысып, оны растау үшін қолдарын қойғызу жұмыстары қадағалануы керек.

Одан бөлек, зейнетке шыққан қызметкерлермен еңбек шартын бұзу кезінде бұйрықта заңнама сілтемелері артық қойылған. Кодекстің талаптары бойынша зейнетке толған қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде 49-баптың 5-тармағы қойылмауы

қажет. Өйткені бұл заңнама сілтемелері жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған кезде қойылуы қажет етіледі деп түсіндірілді.

Жиналыс соңында жиынға қатысушылар айтылған кемшіліктерді жойып, құжаттаманы рәсімдеу кезінде мамандардың мұқият болуы қажеттігі жөнінде айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мекеме бұйрықтарында ҚР ЕК заңнама талаптарының сақталуы қадағалансын.
2. Мекеме бұйрықтарының негіздемелерінің дұрыс көрсетілуін қадағалау. Зейнетке шыққан қызметкерлермен еңбек шартын бұзған кезде Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» №414-V ҚРЗ Кодексінің талаптарын қатаң сақтауды тапсырды.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарының сақталуына қадағалау кадр инспекторы Ж.Айтмырзаға тапсырылсын.

**Жиналыс төрағасы:**

**К.Р.Умарова**

**Жиналыс хатшысы**

**Ж.Ғ.Айтмырза**

